

Өнеркәсіпте ескертпелі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізуде заңнамалық және нормативтік құжаттардың рөлі. Еңбек гигиенасы саласындағы ағымды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.

Жоспар

- *ЕСҚ заңнамалық және нормативтік құжаттардың рөлі;*
- *Еңбек гигиенасы саласындағы ағымды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау.*

Санитарлық сақтық қадағалауды іске асыру кезінде санитарлық дәрігер келесі деректі құжаттарды басшылыққа алуы тиіс:

- ҚР Конституциясы (1995ж.)
- ҚР Кодексі "Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" (1997 ж. маусым)
- ҚР Заңы "Жер асты байлықтары және оларды пайдалану туралы " 1994
- Қаз.ССР Министрлер кабинетінің қаулысы 22.05.1991 жыл N 318. "Жобалық-сметалық құжаттарды келістіру, экспертиза реттілігі және аяқталған құрылыс объектілерін эксплуатацияға қабылдау үшін Мемлекеттік комиссияның құрылуы".

- ҚР Заңы "Еңбекті қорғау туралы"
- ҚНМЕ № 1.02.01.2007 "Құрылысқа жобалық құжаттың құрамы және келісілуі, бекітілуі, өңделуі реттілігі туралы нұсқау".
- ҚНМЕ № 1.03.06-2002 "Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және имараттар құрылысын ұйымдастыру".
- «Өндіріс объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрық №334
- Өндіріс жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар және технологиялық процессті ұйымдастырудың санитарлық ережелері.1.01.002.94.

- **Құрылысқа жер участкесін таңдау мен бөлу кезеңіне ССҚ негізгі мақсаты өнеркәсіптің орналасу орнына бірнеше талаптардың қамтамасыз етілуі болып табылады:**
 - 1. Санитарлық қорғаныс алабының (СКД) сақталу мүмкіндігі;
 - 2. Суды пайдалану бойынша рациональды шешімдерді қабылдау;
 - 3. Су көздерін, топырақты және атмосфералық ауаны арнайы технологиялық процестерді есепке ала отырып, ағынды сулар мен өндірістік тастандылармен ластанудан қорғау.
 - 4. Жұмысшыларды мақсатты түрде жайластыру мен оларды жұмыс орнына жеткізу.

Ескертпелі санитарлық қадағалау – медициналық алдын алудың маңызды элементі. Оның еңбек гигиенасы саласындағы негізгі мәні өнеркәсіп нысандарын жобалау, құрылысын салу және пайдалануға беру кезінде, жаңа технологиялық үрдістерді, химиялық қосылыстарды, қондырғыларды, аспаптарды және басқаларды енгізуге техникалық шарттарды өңдеуде санитарлық нормалар мен ережелер талаптарының орындалуына бақылау жасау болып табылады.

Ағымды санитарлық қадағалау – жұмысшылардың денсаулығын қорғау және еңбекке қабілеттілігін жоғары деңгейде сақтау мақсатында, бақыланатын нысандардың гигиеналық жағдайларын және еңбек іс-әрекетінің сипатын, жұмысшылардың денсаулығын тереңдетіп зерттеу. Осы мақсатта кәсіпорын әкімшілігімен және ұйымдармен “Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы” заңында, санитарлық нормалар мен ережелерінде және басқа еңбек гигиенасы бойынша нормативтік құжаттарда (НҚ) келтірілген талаптардың орындалынуына бақылау жасалынады.

Кәсіпорын әкімшілігімен және ұйымдармен, санитарлық заңдылықтарда, санитарлық нормалармен ережелерде және басқа да жұмысшылардың еңбек гигиенасы мәселелері бойынша нормативтік құжаттарда (НҚ) келтірілген талаптардың орындалынуына бақылау жасауда келесі бағыттар қарастырылады:

- нысанның құрылымы мен жағдайының санитарлық талаптарға сәйкестігі;
- әрбір жұмыс орнында қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша технологиялық үрдістер мен жабдықтардың нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес келуі;
- нысандардың ауданын және бөлмелерін пайдалануда тазалық сақтау, қауіптілігі

- I-II класқа жататын заттарды, улы химикаттарды, минералды тыңайтқыштарды және басқа оларға тең заттарды сақтау, қолдану, тасымалдауда санитарлық ережелердің орындалуы;
- өндірістік ортаның физикалық, химиялық, физиологиялық және басқа факторларының өлшемдерінің әрбір жұмыс орнында қолайлы немесе рұқсат етілген нормативтерге сәйкес келуі;
- әйелдерге, жасөспірімдерге, зейнеткерлік жастағы адамдарға, мүгедектерге және жұмысшылардың басқа да топтарына қолайлы еңбек ету жағдайларын қамтамасыз ету;
- жұмысшыларды ұжымдық және жеке басты қорғау құралдарымен, арнайы киіммен, тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз ету және олардың қолданылуы;

- әкімшіліктік жұмысшылардың еңбек, тұрмыс, демалыс жағдайларын жақсарту, кәсіппен байланысты болатын аурушандықтың алдын алу бойынша шараларды өңдеуі және жүргізуі;
- қолайсыз өндірістік факторлардың қарқындылығын болдырмау, төмендету және жою бойынша сауықтыру шараларының, Мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының жеке ескертулерінің орындалу тиімділігі;
- алдын ала медициналық тексерулердің ұйымдастырылуына және жүргізілуіне, тексеру нәтижелері бойынша шаралардың орындалуына бақылау жасауды;

- алдын-ала және кезеңдік медициналық тексерулерге, флюорографиялық зерттеулерге және т.б. жататын контингенттерді анықтауға, медтексеру жоспарларын жасауға қатысады;
- төтенше жағдайлар, тексерілмеген токсико-гигиеналық қасиеті бар заттарды және т.с.с. қолдану әсерінен туындаған қолайсыз еңбек жағдайларымен байланысты бірінші кезекті қосымша, арнайы тексерулер жүргізілетін контингенттерді анықтау;
- жұмысшыларды еңбекке орналастыру дұрыстығы (ЕПМ қорытындысы бойынша);

Қадағалауды іске асырудың негізгі түрі кәсіпорынды санитарлық тексеру болып табылады. Егер маман нысанда, оның бір бөлігінде болса, зертханалық тексерулер жүргізсе, тексеру барысында әртүрлі құжаттармен танысса санитарлық тексеру жүргізген болып есептеледі. Ол мақсатты, тақырыпты, бірегей, таңдаулы болуы мүмкін. Тікелей тексеру жүргізу үшін алдын ала маман дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс, тексерілетін нысан бойынша нормативтік-техникалық құжаттармен танысуы керек, қажет болған жағдайда берілген нысанның ерекшелігіне қатысты арнайы әдебиеттерді игеруі тиіс..

Маман жүргізілетін тексеру жөнінде нысанның әкімшілігіне хабар жіберуі тиіс, тексеру міндетті түрде лауазымды адамның қатысуымен жүргізілуі керек. Кез келген тексеру акті түрінде (бекітілген түрде) орындалған жұмыстың көлемін көрсететін құжатты толтырумен, зертханалық тексерулер хаттамасын жазумен, тексеруге қатысқан әкімшіліктің адамы міндетті түрде қол қоятын есеп беру қағазын толтырумен, анықтама толтырумен аяқталады. Құжаттардың бір көшірмесі кәсіпорында, екіншісі МСЭҚБ-ның іс қағаздарында сақталынады

Тексеру актісінде (анықтамада, есепте) келесі мәліметтер болуы керек:

- нысанды тексерген күні, кәсіпорынды тексеруге қатысқан барлық адамдардың аты жөні, лауазымы, тексеру мақсаты;
- констатациялық бөлімінде нормативтік құжат (НҚ) бойынша анықталған бұзылыстары, НҚ-ты тексеру мақсаты немесе тақырыбына тәуелсіз, еңбек гигиенасы бөлімі бойынша талаптар тармағын көрсете отырып беріледі, сонымен бірге бұрын берілген ескертулердің орындалғаны жөнінде мәліметтер (ескерту құжатын, оның нөмірін, күнін көрсете отырып) беріледі;
ескертулер мен ұсыныстар кәсіпорын басшысының атына беріледі, анықталған келеңсіздіктерге, НҚ талаптарының бұзылыстарына сәйкес келуі тиіс, нақты орындау мерзімдері көрсетілуі тиіс.

Қадағалауды іске асыруда атқарылған жұмыс (актімен бірге) келесі құжаттармен бекітіледі: толтырылған еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттамасымен, кәсіптік ауруларды тексеру актісімен, алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулерге жататын контингенттер тізімімен (актіге немесе хатқа бас дәрігердің қолы қойылған қосымша түрінде), медтексерулерді қабылдау бойынша қорытынды комиссияның келісімімен.

Санитарлық-химиялық және аспаптық тексерулер күнделікті санитарлық қадағалау кезінде жұмыс аумағында, жұмыс орындарында (тұрақты және тұрақсыз), өндірістік бөлмелерде, сәйкес технологиялық үрдістер кезінде жүргізіледі. Өлшемдерді жүргізу тәртібі, зерттеу көлемі, нүктелерді таңдау, максимальды бір реттік және орташа ауысымдық ШРЕК бойынша бақылау жүргізу, дәрігермен, тексеру мақсатына, еңбек жағдайының күйіне, ҒТҚ-дың талаптарына байланысты анықталынады. Тексеру мақсаты мен себептері қорытындыда көрсетіледі.

Нысанға шығар алдында дәрігер тексеру көлемін және сапалық құрамын, сынама алу нүктелерін анықтап алады. Жұмыс зонасы (кәсіпорын алаңы) ауасын зертханалық зерттеу санитарлы-химиялық зертханамен жүргізіледі; шу, діріл, ЭМӨ және т.б. иондаушы емес сәулелердің деңгейі – иондаушы емес сәулелерге бақылау жасайтын бөлімшелермен жүргізіледі.

Тексеру жүргізу барысында дәрігер міндетті:

- 1. зертханамен (қатысты бөлімшелермен), кәсіпорын әкімшілігімен нысанға шығу күні мен уақытын келісуге;
- 2. сынама алуға қатысу және сынамалар алуға басшылық жасауға;

•3. тексеру жүргізу кезінде технологиялық шектер мен техникалық қауіпсіздіктің сақталуына жауап беретін кәсіпорын әкімшілігі адамының болуын қамтамасыз етуге;

•4. тексеру барысында өндірістік үрдіс талаптарының санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестігін анықтауға. Технологиялық үрдістің қатаң бұзылыстары болған жағдайда тексеруді тоқтатуға;
технологиялық үрдістердің, сантехкұрылымдардың жұмысы бұзылғанда, олардың жұмыс істеу тәртібі бұзылғанда және т.б. хаттамаға сәйкес тіркеме жасалынады

Тексеру барысында төмендегілерді көрсете отырып зертханалық зерттеу хаттамасын толтырады:

- ауа сынамаcын алу орны;
- сынама алу мақсаты;
- бөлмелердің сипаттамалары;
- технологиялық үрдістің сипаттамасы;
- қолмен істелінетін жұмыстардың болуы;
- негізгі ластану көздерінің болуы;
- бөлмелердің сызбалары;
- нысанды таныстырушы адамның лауазымы, аты жөні;
- ауа сынамаcын алған адамның лауазымы, аты жөні;
сызба бойынша сынама алу нүктелері

Жабық бөлмелердің ауасын зерттеу, физикалық факторларын өлшеу хаттамалары санитарлық тексеру актісінің орнын басады. Шу, діріл, ЭМӨ және т.б. өлшемдері бойынша хаттаманы иондаушы емес сәулелерге бақылау жасау бөлімшелерінің маманы толтырады. Егер иондаушы емес сәулелерге бақылау жасау бөлімшесінде дәрігер болса, онда қорытындыны сол толтырады. Ұсыныстар, ескертулер еңбек гигиенасы бөлімінің дәрігерімен бірлесіп жасалынады. Жабық бөлмелердің ауасын зертханалық бақылау, ШРЕК (ӘШҚД) таңдау хаттамасы, ескертулер, ұсыныстар бойынша қорытынды әкімшілік атына зертханадан зерттеу нәтижелерін алысымен еңбек гигиенасы дәрігерімен толтырылады

АСҚ бойынша бақыланатын объектілерде еңбектің гигиеналық жағдайлары анықталынады, жұмысшылардың денсаулық жағдайы және оған өндіріс ортасының факторларының әсері бағаланады. Аурушылдық деңгейіне, кәсіптік уланулар мен аурулар деңгейіне және құрылымына аса көңіл аударылады. Сонымен қатар алдын ала және кезеңдік мед. тексерулермен жұмысшылардың қамтамасыз етілуі, уақтылы жүргізілуіне, жасөспірімдер мен жүкті әйелдердің еңбек ету жағдайы да тексеріледі, еңбек жағдайын сауықтыру бойынша алынған мәліметтерді жинақтап алдын алу шараларын негіздейді.